

ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНДАҒЫ СИҚЫРДЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАС ОҚЫРМАНҒА ӘСЕРІ

*Ибрагим А.М.¹, Карбозов Е.К.², Сейдикенова А.С.³

*¹докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы, Қазақстан, e-mail: ibragimayagoz@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: e.karbozov76@gmail.com

³филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан e-mail: almash. seidikenova@kaznu.kz, <http://orcid.org/0000-0002-6122-808X>

Аңдатпа. Қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орнын қалыптастырып келе жатқан фэнтези жанры оқырманның ғана емес, зерттеушілердің де қызығушылығын тудыруда. Десе де бұл жанр төңірегіндегі ғылыми зерттеу жұмыстары саны батыс елдерінде айтарлықтай көп болғанымен, қазақ әдебиеттануындағы фэнтези жанрына арналған зерттеулер бірнеше мақала деңгейінен аспай тұр. Осы тұрғыдан келгенде зерттеу жұмысының өзектілігі мен ғылыми маңыздылығы көрінеді.

Фэнтези жанрының ең негізгі ерекшеліктерінің бірі шығармада орын алатын сиқыр, ойдан шығарылған әлем, таңғажайып жаратылыс иелері, т.б. Мақаланың мақсаты фэнтези шығармалардағы «сиқыр» концептісінің берілу ерекшеліктерін айқындау және оның балалар мен жасөспірімдерге әсерін анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы – фэнтези жанры туралы шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми тұжырымдамаларын талдау және фэнтези шығармалардың негізгі құраушы компоненті болып табылатын сиқырдың берілуін зерттеудің маңыздылығын анықтау.

Зерттеу жұмысында дескриптивтік әдіснама негізінде эмпирикалық тәсіл қолданылды. Сондай-ақ фэнтези жанрында жазылған шығармалардағы «сиқыр» және «ойдан шығарылған әлем» концептілері қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының репрезентативі ретінде алынған А.Алмаштың «Құрбы қыздар құпиясы» шағын роман-фэнтезиі мен британ жазушысы Дж.К.Роулинг шығармаларын салғастыра зерттеу арқылы айқындалады.

Фэнтези жанрының соңғы жылдары жас оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие болып келе жатқандығын ескере келе, ата-аналар мен мұғалімдер мұндай кітаптардың көп оқылуы жас ұрпақты шынайы өмірден алшақтатады, шынайы құндылықтарды, соның ішінде діни құндылықтарды ауыстырады деп қорқады. Қазіргі әлемде қандай құндылықтар мен көзқарастарды шынайы деп санауға болады деген сұрақ туындайды. Осы мәселелердің өзектілігі есепке алына отырып, шағын зерттеу жұмысында фэнтези жанрында жазылған шығармалардың балалар мен жасөспірімдерге әсері, олардың психологиясына ықпалын айқындау мақсатында жүргізілген сауалнама негізінде фэнтези оқырмандарға өздерін, басқаларды және олардың әлеуметтік әлемін қабылдауды қалыптастыруға көмектесе отырып, эмоционалды және танымдық әсер етеді деген тұжырым жасалады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы ретінде орта мектеп оқу бағдарламаларын жасауда оның қорытындылары мен талқылауларын есепке ала отырып пайдалануға

болатындығын және жоғары оқу орындарында оқытылатын қазіргі заманғы әдебиетке байланысты дәрістерде қосымша материал ретінде қолданылу мүмкіндігін атап өтеміз.

Тірек сөздер: фэнтези жанры, балалар әдебиеті, сиқыр, ойдан шығарылған әлем, фантастика, балалар мен жасөспірімдер, психологизм, британ фэнтези

Негізгі ережелер

Қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орнын қалыптастырып келе жатқан фэнтези жанры оқырманның да, әдебиетші, зерттеушілердің де үлкен қызығушылығын тудыруда. Жанр генезисінің қысқалығы жеткіліксіз дәрежеде зерттелуінің себептерінің бірі болып қана қоймай, жанрдың ерекшеліктерін зерттеуге кең мүмкіндіктер ашады. Жалпы қазақ әдебиетіне кенжелеп енген фэнтези жанры жайында ғылыми деректер саусақпен санарлық. Десе де осы жанр төңірегінде қалам тербеп жүрген жас әдебиетшілеріміз аз емес. Мәселен, мектеп оқушылары мен жасөспірім оқырманның жүрегінен орын алып үлгерген Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі», 2017 жылы өткізілген республикалық «Рух» әдеби байқауында бас жүлдені иемденген Айсұлу Алмаштың «Құрбы қыздар құпиясы» роман-фэнтезиі, Алтыншаш Құрманбаеваның «Таңғажайып автобус» туындысы, Лилия Калаус пен Зира Наурызбаева қаламынан жарық көрген «Бату және оның достары» кітаптар сериясы және т.б. Алайда жанр төңірегінде өз зерттеуін, шешуін күтіп тұрған мәселелер де аз емес. Атын атап, түсін түстеп болсақ, жанрдың ортақ қабылданған ғылыми анықтамасы нақтыланбаған әрі қазақ әдебиетінде бұл жанр қай шығармадан бастау алды деген сұрақтың да жауабын әр зерттеуші өзінше береді. Мәселен, Ә.Әліакбар балалар жазушысы Т.Рымжановтың «Күн перзенттері», «Гүл ағашы» деп аталатын үлкен көлемді ертегілерін фэнтези жанрының айырым белгілерімен дәл жанасады дей келе, қазақ фэнтезиінің бастауы осы шығармалар десе, Ә.Мекешұлы қазақ әдебиетінде «Гарри Поттердей» оқырманын қиялға елітетін шығарманың әлі тұмағанын алға тартады. Осы жанр аясында шетелдік және отандық зерттеушілер қандай тұжырымдар қалдырғандығы, фэнтези жанрында жазылған шығармаларда тек эстетикалық-эмоционалдық бояудан басқа қозғалған мәселелер және осы шығармалардың оқырманға тигізер ықпалы төңірегіндегі мәселелер мақаламызға арқау болды.

Кіріспе

Фэнтези жанры ресми түрде танылып, танымал бола бастағанымен, оның жалпы қабылданған нақты анықтамасы жоқ. Алек Уорли егжей-тегжейлі зерттеулердің басым көпшілігінде фэнтезиді ғылыми фантастиканың заңсыз ұрпағы ретінде көрсетеді деп тұжырымдай келе фэнтези жанрында біріктіруге болатын анықтама жоқ деп мәлімдейді [1]. Ал отандық әдебиетші Ә.Әліакбар бұл жанр түріне мифологиялық және ертегілік мотивтерді пайдалануға негізделген фантастикалық әдебиет түрі деген анықтама береді [2]. Демек, фэнтезиді ертегінің шекпенінен шыққан жаңа әрі жас жанр ретінде қарастырады. Десе де фэнтезиді ертегіден ерекшелейтін бірқатар айырым белгілердің бары сөзсіз. Отандық әдебиетшілеріміз аталмыш жанр жайында

қазақ әдебиетіндегі авторлардың шығармашылығы негізінде айтқан әдеби ертегі жанрына үш қайнаса сорпасы қосылмайды деген ойларымен әлемдік деңгейде келіскенімізбен, ұлттық деңгейде өзгеше ой толғайды. Оған дәлел Ә.Әліакбардың «фэнтези – қазақ әдебиетіндегі ұлттық фэнтезиіміздің христандық санадағы батыстық фэнтезиден өзгешелігіне орай авторлық позицияны танытатын және әр жазушыны бір-бірінен өзгешелеп тұратын алаштық миф пен бағзықазақтық ертегінің синтезі деген тоқтамға келеміз. Қазақ фэнтезиінің басты нышаны – мифке бет бұру» деген тұжырымы [2]. Бұл мақалада фэнтези жанрындағы әдебиет дегеніміз – оқырманға өз әлемінен алшақтап, жаңа, табиғаттан тыс немесе басқа да ғажайыпқа сәйкес келетін әлемді ұсынатын көркем әдебиет деген анықтама беруге тырысамыз. Розмари Джексон өзінің фэнтези жанры туралы кітабында фэнтезидің сыни термині кез келген әдебиетке нақты түсіндірудің басымдығын бермейтін: мифтерге, аңыздарға, фольклор және ертегілерге, утопиялық аллегорияларға, армандарға қатысты қолданылғанын айтады [3].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Тақырыпты зерттеуде талдау, жинақтау, қазақ және британ әдебиеттеріндегі фэнтези жанрының репрезентативті үлгілері ретінде алынған шығармаларды салғастырмалы зерттеу әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ аталмыш жанрдың балаларға әсерін анықтау мақсатында психологиялық талдау тәсілдері де қолданылады. Фэнтези жанрында жазылған шығармалардағы «сиқыр» және «ойдан шығарылған әлем» концептілері қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының репрезентативі ретінде А.Алмаштың «Құрбы қыздар құпиясы» шағын роман-фэнтезиі мен британ жазушысы Дж.К.Роулинг шығармаларын салғастыра зерттеу арқылы айқындалады. Сондай-ақ мақалада фэнтези жанры туралы шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми тұжырымдамалары талданады.

Нәтижелер

Осы басқа әлемді тудыратын фэнтези жанрында жазылған шығармалардың дерлік барлығына ортақ белгілерінің бірі – сиқырдың қолданылуы. Философиялық сөздікте сиқырға адамдарға, жануарларға және қиялдағы рухтарға әсер етуді мақсат ететін рәсімдер жиынтығында көрініс табуы көптеген түсініксіз құбылыстар жұмбақ күштердің әрекетіне негізделетін қарабайыр діннің бір түрі деген анықтама беріледі [4, 261 б.]. Жалпы әдеби шығармаларда кездесетін сиқыр ақ және қара болып бөлінеді. Сиқырмен айналысқысы келетін адам саналы түрде айналасындағылардың назарын өзіне аударуды қалайды, тек ақ сиқыр ғана жақсы іс-әрекеттер жасау арқылы танылуға мүмкіндік берсе, қара сиқыр қорқыныш пен қорлау арқылы танылуға жол ашады. Сиқырмен айналысуға деген қызығушылық жеке мәселелерін әдепкі құралдармен шеше алмаудан не қаламаудан туындайды. Өмірдің қиыншылықтарымен бетпе-бет келген бала сиқырлы таяқшаны кез келген проблеманы шешетін құрал ретінде көреді. Сондықтан да сиқыр, сиқыршы бейнесі балалар аудиториясының көз алдында өте тартымды.

Психология ғылымдарының докторы Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева бала тәрбиесінде сиқыр компонентін қолданудың жағымды жақтарын атап өтті. Доктор сиқырлы деп аталған заттың адам қабылдауы үшін таңданыс пен құрмет тудыра отырып ерекше мәнге ие болатынын айтады. Оның пікірінше, «сиқырлы» деген сөздің семантикасы оң ынталандырушы бағытқа ие [5, 13б.].

Толкиен өзінің "Ертегілер туралы" деп аталатын қысқа трактатында фантастикалық оқиға тудыратын құралдарды талқылап жазады. Ол баяндау құрылымының әртүрлі деңгейлерін суреттеу кезінде «сүйкімділік» ұғымын, ал «сиқырды» саралау элементі ретінде қолданады. Оның айтуынша, «сиқыр» дизайнер де, көрермен де өздерінің ішкі сезімдерін қанағаттандыру үшін кіре алатын екінші әлемді жасайды [6, 48 б.]. Толкиен анықтайтын бастапқы әлем мен екінші әлем арасында негізгі айырмашылықтар бар. Толкиен мұны сиқырдың күшімен түсіндіреді. «Сиқыр бастапқы әлемде өзгеріс тудырады. Оны кім, қалай қолданады, перизат па әлде қарапайым адам ба; бұл өнер емес, техника; оның осы дүниедегі күш-қуат, заттар мен ерік-жігерден үстемдігі» [6, 48 б.].

Ең әуелгі, балалар мен жасөспірімдер «сиқыр» ұғымын қолданғанда нені меңзейді деген сұрақ туындайды. Олар бұл сөзді фокус (көз байлау) жасалғандағы сәтті атауда қолданады ма әлде оның негізінде тылсым, ғажайыпқа сену жатыр ма? Жалпы «сиқыр» ұғымын психологтар 2 түрлі мағынада қолданады. Біріншісі «сиқыр» ұғымы басқалардың өзгеше ойлауын білдіреді. Мәселен, Пиаже сиқырлы деп балалардың өз ойлары арқылы кейбір оқиғалардың болуына не өзгеруіне әсер ете алуға деген сенімін атаған. Осыған мысал ретінде балалардың тілек тілеу арқылы бағалы ойыншықтарға қол жеткізу әрекеттерін келтіре аламыз. Сондай-ақ бұл термин белгілі бір адамдарға ғана тән тылсым қасиеттерге сенуді білдіреді. Сиқырдың осы екінші мағынасы біріншіге қарағанда тұрақты әрі балалардың ойлау жүйесін сипаттауда кең қолданылады. Е.В. Субботский 4-5 жастан бастап балалар шынайы өмірде болуы мүмкін мен тек кітаптар мен фильмдерде ғана орын алатынның ара жігін айқын айыра алатындығын мәлімдеген болатын [7]. Десе де, көптеген зерттеушілер осы мәселе тұрғысында түрлі зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде балалар сиқыр деп мүмкін еместі не тосын, ерекше оқиғаларды атайды деп түйіндейміз [8].

Айсұлу Алмаштың «Құрбы қыздар құпиясы» шағын роман-фэнтезиіне тоқталар болсақ, шығарма шынында кішкентай оқырман түгілі ересектерді де елітері сөзсіз. Шығармада 6 жасар Сымбат пен су астында тіршілік ететін Сұлужан арасындағы достық арқылы адами құндылықтар мен қоршаған ортаға ұқыпты қарау сияқты ұғымдардың маңыздылығы баяндалады. Ескерте кететін бір жәйт, фэнтези жанрында жазылған шығармалардың басты ерекшелігі оқиға хронотопының бірегейлігінде, яғни оқиға бастан аяқ автор қиялынан туындаған екінші әлемде немесе біздің әлеммен паралельді түрде орын алады. Оқырман екінші әлем туралы бүге-шүгесіне дейін қанық болып, көз алдына елестете алса, А.Алмаштың аталмыш шығармасында екінші әлем жайлы ақпарат жоқтың қасы. Тек қуыршақ қыз Сұлужанның су астында өмір сүретіндігі жайлы ғана болмаса, су асты әлемін, ондағы тіршілікті көз

алдымызға елестету мүмкін болмайды. Десе де туындының өзектілігі ондағы бүгінгі таңда бүкіл әдемді алаңдатып отырған экологиялық, әлеуметтік, гуманистік мәселелердің ұтымды көтерілуі. Шығармада көтерілген экологиялық мәселелерге келер болсақ, бүкіл әлемге қауіп төндіріп отырған ауыз суының тапшылығы шын мәнінде табиғат я құдайдың адамзатқа салған қиыншылығы емес, адамдардың салғырттығынан туындаған қауіп екендігіне көз жеткіземіз. Оған дәлел шығармада кездесетін келесі жолдар:

«Жер үстіне шығам деп көп олқы нәрселерді көзіммен көрдім: адамдар өзен суының бетін ылайлап былғапты; жағалауды жүрек айнытар исі бар шөп-шалам басыпты; тіпті судың өзі тым қадірсіз бола бастапты...

–Жоқ, су қадірін білетіндер бар.

–Мен сумен де тілдесе аламын. Су-Ана айтады: қазіргі адамдар суды аялай

білмейді, сосын да су жылдан-жылға тартылып бара жатыр, бірте-бірте су азабын тартатын болады өздері... Сол кезде түсінеді...

–Су-Ана солай дей ме? Су таусылып бітсе, адамдар қалай өмір сүрмек?..» [9, 26 б.].

Сондай-ақ жер бетіндегі адамдарға сырт көзбен қарап, олардан бөлек барлық жан-жануарлардың тілін түсініп, адамдардың ойын оқу қабілетінің арқасында Сұлужанның сөздері арқылы автор шығармада әлеуметтік, адамгершілік мәселелерді де ұтымды көрсете білген. Бас кейіпкерлердің бірі Сұлужан жердегі адамдардың жүрегінде бір-біріне деген мейірім азайғандығын, тек өздерін ғана жақсы көретіндігін, сондықтан олардан қатты қорқа бастағандығын айтады [9, 21 б.] Сондай-ақ жер үстіндегілер бір-бірін алдауға құмар, өтірік айтуды да өздерінше ерлік санайтынын, атақ пен даңқ үшін бойындағы жақсы қасиетін де сатып кететіндігін, жүректен тазалық жоғала бастағанын жаны кейіп жеткізеді [9, 26 б.]. Еліміздегі жұмыссыздық мәселесіне қарттардың көзқарасын келтіре отырып, оқырманға өзгеше ой салады: *«Ойтыр-ай, о заманда бұл заман, біздің ауылда ұры-қары болмаушы еді. Әлде... бұның бәрі бүгінгі жастардың жұмысы жоқтығынан ба...*

–Айтасың-ау, Кейуана! Осынау кең жайылып жатқан салқар далада екі қолға бір жұмыс жоқ дегенің қай сасқаның? Одан да бүгінгінің адамы жалқауланды десейші. Бәрінің де жеңіл жолмен, оп-оңай нан тапқысы келеді...» [9, 46 б.].

Фэнтези жанрының қарсыластарын алаңдататын негізгі мәселе аталмыш жанрдың соңғы жылдары жас оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие болып, өсіп келе жатқан танымалдылығы. Ата-аналар мен мұғалімдер мұндай кітаптардың көп оқылуы жас ұрпақты шынайы өмірден алшақтатады, шынайы құндылықтарды, соның ішінде діни құндылықтарды ауыстырады деп қорқады. Қазіргі әлемде қандай құндылықтар мен көзқарастарды шынайы деп санауға болады деген сұрақ туындайды. Джоан Роулинг пен Айсұлу Алмаш өз кітаптарында сиқыр тақырыбы туралы түбегейлі әртүрлі көзқарастарды ұсынады. Жас автор А. Алмаш шығармасында кітаптағы бас кейіпкер Сымбатты сиқыр құбылысының куәгері ретінде ғана береді де, бұл ерекше қабілетке тек су астында өмір сүретін қуыршақ қыз Сұлужан ғана ие болып

табылады. Десе де Сұлужанның сиқыры да басқа фэнтези шығармаларда кездесетін сиқырдан бүтіндей айырмашылығы бар. Себебі Айсұлу Алмаштың сиқырлы әлемі құндылық бағытқа да, айқын моральдық бағытқа да ие. Аталмыш шығармада мейірімділік, досқа деген сүйіспеншілік пен адалдық, достық үшін өзін құрбан ету, уәдеге берік болу сияқты құндылықтар басым.

Қазақ әдебиеті фэнтезиі мен британ әдебиеті фэнтезиінің көрнекті өкілдері ретінде алынған шығармаларда сиқырдың жасалу жолын салыстыра қарар болсақ, Гарри Поттерде сиқыр арнайы сиқырлы таяқшаның және дуаның (заклинание) көмегімен ғана жүзеге асырылатын болса, «Құрбы қыздар құпиясында» Сұлужанның сиқыры оның санадағы қалауының автоматты түрде жүзеге асуымен ерекшеленеді. Осыған кеңірек тоқталайық, Роулингтің Гарри Поттер туралы кітаптар желісінен кейін оқырмандардың сиқырды жасау кез келгеннің қолынан келеді, тек оның құпияларын, қыр-сырын меңгеру керек деген түсінік қалыптасса, екінші шығарманы оқығаннан кейін сиқыр туралы баланың санасында басқаша түсінік қалыптасады. Яғни оқырман сиқыр жер бетіндегі адам баласының қолынан келуі мүмкін емес, өзге әлем өкілдерінің ғана бойында туа бітетін қасиет деген түсінік қалыптасады.

Сондай-ақ аталмыш шығарма жас оқырманның жүрегіне мейірімділік пен адалдық, қоршаған ортаға қамқорлық жасау, ана мен бала махаббаты сынды асыл қасиеттерді сіңіруге бағытталған.

Талқылау

Классикалық әдебиеттің ең жақсы дәстүрлері мен фольклорлық даналықты қамтитын фэнтези жанры қазіргі кезеңде реалистік, классикалық әдебиеттің негізгі функцияларының бірі – жеке тұлғаны тәрбиелеудің рөлін алды. Бұл тұжырымымызға дәлел ретінде әлемдік бестселлерге айналған Гарри Поттер туралы бірқатар романдар жасөспірімдер мен жеткіншектердің психологиясы мен тұлғалық қалыптастыруына күшті әсерін атап өтсек болады. Жасөспірімдерді қиял кейіпкерлерінің идеалды қасиеттері қызықтырады, олар нақты әлемде шығарма кейіпкерлеріне ұқсағысы келеді, еліктейді. Фольклорды зерттеушілер Б.Соқпақбаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Т.Кәкішев, М.Әлімбаев шығармаларында баланың жас ерекшелігі мен бала психологиясына сәйкес саралануы, бала мінезінің, таным процестерінің дамуына ықпал ететіндей құрылуын ерекше назарға алады [10, 9 б.]. Біз әдебиеттің осы кең саласының барлық идеялық және көркемдік байлығын тек ересек оқу жетекшілерінің, ең алдымен ата-аналар мен мұғалімдердің көмегімен жүзеге асыра аламыз. Өкінішке орай, көптеген мұғалімдер, кітапханашылар және ата-аналар әлі күнге дейін жастардың моральдық-эстетикалық тәрбиесіндегі фэнтезидің мүмкіндіктерін бағаламайды, өйткені танымал әдебиеттерді білім беру мүмкіндіктерімен классикалық әдебиетпен салыстыруға болмайды деп санайды. Алайда жасөспірімдердің қалауы міндетті түрде ескерілуі керек: кейде поп-әдебиет ұрпақтар арасындағы өзара түсіністікті табудың жалғыз құралы болып қала береді. Бұл жағдайда біз бұл құралды қолдануымыз керек, фэнтези – бұл поп-әдебиеттің эстетикалық лайықты жұмыстарды ұсынатын, жасөспірімдер мен

жасөспірімдер арасында танымал және танымал емес бөлігі. Біз фэнтези жанрындағы шығармалардың педагогикалық, тәрбиелік және тіпті білім беру мүмкіндіктері кең екенін атап өттік. Фэнтези – бұл көптеген стильдер мен тұжырымдамаларды қамтитын күрделі және алуан түрлі құбылыс, сондықтан мұғалімдер, ата-аналар мен кітапханашылар ең алдымен осы әдебиетке назар аударуы өте маңызды. Фэнтези жанрында жазылған шығармалардың жас оқырмандарға әсерін анықтау мақсатында 7-сынып оқушылары (13-14 жас) арасында кішігірім сауалнама жүргізілген болатын.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында 13-14 жас аралығындағы оқырмандарға әдебиет жеке тұлғаның қалыптасуына айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті. Алайда, кейбір жасөспірімдердің (10%) жауаптары бойынша, кітаптар тек оқу қабілетін жақсарту үшін ғана қажет, яғни олар үнемі кітап оқудың олардың психологиясына, тұлғалық дамуына тигізер әсерінің маңыздылығын елемеуде. Сауалнамаға қатысқан 12 адамның 4-і фэнтезиді оқып, қазіргі уақытта оқығанды ұнатады (бұл бос уақытында оқылатындығын білдіреді) – 33%, 6 респондент бұл жанрды оқығанды ұнатпайды (50%), 2 респондент (17%) қазіргі уақытта ешқандай әдеби кітап оқымайды. Сұхбат барысында фэнтези шығармаларды сүйікті жанры ретінде атап көрсеткен 4 жасөспірімге сұрақтар қойылып, фэнтезидің әсері анықталды. Олардың жауаптарынан өзге құрдастарына қарағанда аздап қиялшыл, мінезі жұмсақ және зияткерлігі жоғары екендігі аңғарылады. Фэнтезиді оқыған кезде ерікті зейін мен есте сақтау, сондай-ақ қиял мен ойлау өзекті болады. Өйткені әр фэнтези шығармадағы әлем сол авторға дейін жазылған ешбір әдеби әлемге ұқсамайды [12]. Жанрдың мақсаты – адам үшін жақсылық пен арманның, махаббат пен жанашырлықтың, зұлымдық, қатыгездік пен иеліктен айырудың қаншалықты жойқын екенін көрсету, яғни оқудың мағынасын түсіну үшін жасөспірімдер күш салуы керек.

Біздің ойымызша, мектеп бағдарламасына осы әдеби жанрдағы шығармаларды енгізу қажет, бұл оқырмандарды оқу процесіне қызықтыруға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, аяқталмаған финалды өз қиялдарына ерік беріп ойлануға кең мүмкіндік берері сөзсіз.

Адамдар нақты және нақты емес нәрсені қалай нақты ажырата алатындығы туралы немесе оны жасай алмайтындығы туралы көптеген басқа теориялар ұсынылды. Сонымен қатар барлық балаларда шындық пен қиялды бірдей жылдамдықпен және бірдей жолмен дұрыс ажырата білу қабілеті әртүрлі болып келеді. Фэнтези оқырмандарға, әсіресе жасөспірімдерге өздерін, басқаларды және олардың әлеуметтік әлемін қабылдауды қалыптастыруға көмектесе отырып, эмоционалды және танымдық әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Жалпы алғанда фэнтези жанрында жазылған шығармаларға, сол кітаптар желісінде түсірілген фильмдерге деген сұраныстың артуы, балалардың, әсіресе жасөспірімдердің фэнтези жанрын басқа жанрда жазылған шығармалардан артық көруінің негізгі себебін аталмыш жанрдың атасы ретінде танылған Толкиен былайша сипаттайды:

«Мұндай күндердің негізгі ауруы, өмірден емес, біздің қазіргі уақытымыздан және өз бақытсыздығымыздан қашуға деген ұмтылысты тудырады, біз өз істеріміздің деформациясын да, олардың зұлымдықтарын да білеміз. Сондықтан зұлымдық пен ұсқынсыздықты қолдану бір-бірімен тығыз байланысты болып көрінеді. Бізге жамандық пен сұлулықты бірге елестету қиын» [6, 57 б.].

Толкиен бұл пікірді 1950-жылдары жаман және зұлым болып көрінетін ғасырда қиялды барша қиыншылықтан бас сауғалар, жақсылық зұлымдықты жеңетін әлемге ұшу ретінде ұсынған болатын. Кейінгі жылдары да адамдар бастан кештен мұндай күй одан әрі артпаса сейілген жоқ. Шексіз қиялға беріле отырып, біз қауіпсіз көркем ортадағы баламаларды зерттеуге мүмкіндік бере отырып, ақыл-ойды негіздеме мен шындықты іздеуден босатамыз. Фэнтезиде ережелер белгіленеді, содан кейін орындалады. Оғаштықты ұстау арқылы ол оның әсерін шектейді және, мүмкін, түйсікке қайшы, ережелер бұрынғыға қарағанда аз сенімді және әмбебап емес әлемге қонуға мүмкіндік береді. Бұл қиялды күшті етеді және неге бәріміз сиқырға сенгіміз келетінінің бірден бір түсіндірмесі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Worley Alec. Empires of the Imagination. – London: McFarland, 2005. – 296 p.
- [2] Әлиакбар Ә. Қазақ фэнтезии. [Электронды ресурс]. – 2012.– URL: <http://makala.kz/adebiet/aza-fentezii/>
- [3] Jackson Rosemary. Fantasy: The Literature of Subversion. – London: Routledge, 1981–224p.
- [4] Философский словарь. 6-е изд., переработ. и дополн. – М.: Политиздат, 1991. – 560с.
- [5] Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. Путь к волшебству. Теория и практика к сказкотерапии. – СПб: «Златоуст», 1998. – 352 с.
- [6] Tolkien, J.R.R. “On Fairy Stories” Tree and Leaf. – London: Unwin Books, 1964. – P. 11-70.
- [7] Subbotsky E.V. Preschool children’s perception of unusual phenomena // Soviet psychology. – 1923. – P. 91-114.
- [8] Boerger E. A., Tullos A. & Woolley, J. D. Return of the Candy Witch: Individual differences in acceptance and stability of belief in a novel fantastical being // British Journal of Developmental Psychology. – 2009. – 27(4). – P.953–970.
- [9] Айсұлу Алмаш. Құрбы қыздар құпиясы. – Астана, 2017. – 70 б.
- [10] Балтымова М.Р. Қазақ балалар фолклорының қалыптасуы // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары серия. 2023. – Том 71. – № 4. – Б. 432-448. – URL: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.030>
- [11] Matthias Stephan Coolabah. Do you believe in magic? // The Potency of the Fantasy Genre. – 2016. – № 18. – P.3-15.
- [12] Сайт журналы «Массажет» [Электронный ресурс]. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/>

REFERENCES

- [1] Worley Alec. Empires of the Imagination. London: McFarland. – 2005. – 296 p.
- [2] Aliakbar A. Kazakh fantasyi (Kazakh fantasy). – 2012. – URL: <http://makala.kz/adebiet/aza-fentezii/> [in Kaz.]

- [3] Jackson Rosemary. Fantasy: The Literature of Subversion. – London: Routledge, 1981. – 224 p.
- [4] Philosophical dictionary. 6th ed., revised. and additional. – M.: Politizdat, 1991. – 560 p. [in Rus.]
- [5] Zinkevich-Evstigneeva T.D. Put k volshebstvu. Teoriaipraktika k skazkoterapii (The path to magic. Theory and practice for fairy tale therapy). – St. Petersburg: "Zlatoust", 1998. – 352 s. [in Rus.]
- [6] Tolkien J.R.R. "On Fairy Stories" Tree and Leaf. – London: Unwin Books, 1964. – P. 11-70.
- [7] Subbotky E.V. Preschool children's perception of unusual phenomena // Soviet psychology. – 1923 – P. 91-114.
- [8] Boerger E. A., Tullos A. & Woolley J. D. Return of the Candy Witch: Individual differences in acceptance and stability of belief in a novel fantastical being // British Journal of Developmental Psychology. – 2009. – 27(4). – P. 953–970.
- [9] Aisulu Almash. Kurby kyzdar kupiyasy (The secret of girlfriends). – Astana, 2017. – 70p. [in Kaz.]
- [10] Baltymova M.R. Qazaq balalar folklorynyng qalyptasuy (Formation of Kazakh children's folklore) // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series "Philological Sciences". – 2023. – № 4. – В. 432-448. – URL: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.030> [in Kaz.]
- [11] Matthias Stephan Coolabah. Do you believe in magic? // The Potency of the Fantasy Genre. – 2016. – №18. – P.3-15.
- [12] Sait zhurnala «Massaget» [Site of journal «Massaget»]. – URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/> [in Kaz.]

РОЛЬ ВОЛШЕБСТВА В ЖАНРЕ ФЭНТЕЗИ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА МОЛОДОГО ЧИТАТЕЛЯ

*Ибрагим А.М.¹, Карбозов Е.К.², Сейдикенова А.С.³

*¹докторант, КазНУ им.аль-Фараби

Алматы, Казахстан, e-mail: ibragimayagoz@gmail.com

²кандидат филологических наук, старший преподаватель, КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: e.karbozov76@gmail.com

³кандидат филологических наук, и.о. профессора
КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: almash. seidikenova@kaznu.kz, <http://orcid.org/0000-0002-6122-808X>

Аннотация. Жанр фэнтези, который начинает формировать свое место в современной казахской литературе, вызывает интерес не только у читателей, но и у исследователей. Тем не менее несмотря на то, что количество научно-исследовательских работ по жанру фэнтези в западных странах достаточно велико, в казахском литературоведении число таких работ не превышает уровня нескольких статей. С этой точки зрения проявляется актуальность и научная значимость исследовательской работы.

Одной из основных особенностей жанра фэнтези является волшебство, которое происходит в произведении, вымышленный мир, удивительные существа и т.д. Целью статьи является выявление особенностей передачи концепта «волшебство» в фэнтезийных произведениях и выявление его влияния на детей и подростков.

Научная значимость исследовательской работы состоит в анализе научных представлений зарубежных и отечественных исследователей жанра фэнтези и определении

значимости изучения передачи магии, которая является основным составляющим компонентом фэнтезийных произведений.

В исследовательской работе использовался эмпирический подход на основе дескриптивной методологии. Концепты «магия» и «вымышленный мир» в произведениях фэнтези определяются путем сопоставительного исследования мини-романа-фэнтези А. Алмаш «Тайна подруг», взятый как представитель жанра фэнтези в казахской литературе, и произведения британской писательницы Дж.К. Роулинг.

Учитывая, что жанр фэнтези в последние годы становится все более востребованным среди юных читателей, родители и учителя опасаются, что большое количество таких книг отвлечет молодое поколение от реальной жизни, заменит подлинные ценности, в том числе религиозные. Возникает вопрос, какие ценности и точки зрения можно считать реальными в современном мире. С учетом актуальности этих вопросов в небольшой исследовательской работе делается вывод о том, что фэнтези оказывает эмоциональное и познавательное воздействие на читателей, помогая им формировать восприятие себя, других и их социального мира на основе анкетирования, проведенного с целью выявления влияния произведений, написанных в жанре фэнтези, на детей и подростков.

В качестве практического значения исследовательской работы отметим возможность принятия при разработке учебных программ средних школ с учетом ее выводов и обсуждений и может использоваться в качестве дополнительного материала в лекциях, связанных с современной литературой, преподаваемой в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: жанр фэнтези, детская литература, магия, вымышленный мир, фантастика, дети и подростки, психологизм, британское фэнтези

THE ROLE OF MAGIC IN THE FANTASY GENRE AND ITS IMPACT ON A YOUNG READER

*Ibragim A.M.¹, Karbozov E.K.², Seidikenova A.S.³

*¹doctoral student, al-Farabi KazNU

Almaty, Kazakhstan, e-mail: ibragimayagoz@gmail.com

² Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, al-Farabi KazNU

Almaty, Kazakhstan, e-mail: e.karbozov76@gmail.com

³Candidate of Philological Sciences, Acting Professor

al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

e-mail: almash. seidikenova@kaznu.kz, <http://orcid.org/0000-0002-6122-808X>

Abstract. The fantasy genre, which forms its place in modern Kazakh literature, is of interest not only to the reader, but also to researchers. However, despite the fact that the number of research papers on this genre in Western countries is quite large, the fantasy genre in Kazakh literature does not exceed the level of several articles. From this point of view, the relevance and scientific significance of the research work is manifested.

One of the main features of the fantasy genre is the magic that occurs in the work, the fictional world, amazing creatures, etc. The purpose of the article is to identify the features of the transfer of the concept of "magic" in fantasy works and to identify its influence on children and adolescents.

The scientific significance of the research work lies in the analysis of the scientific ideas of foreign and domestic researchers about the fantasy genre and the determination of the significance of studying the transfer of magic, which is the main component of fantasy works.

The research work used an empirical approach based on descriptive methodology. The concepts of "magic" and "fictional world" in fantasy works are determined by a comparative study

of A. Almash's mini-fantasy novel "The Secret of Friends", taken as a representative of the fantasy genre in Kazakh literature, and the work of the British writer J.K. Rowling.

Considering that the fantasy genre has become more and more popular among young readers in recent years, parents and teachers fear that a large number of such books will distract the younger generation from real life and replace genuine values, including religious ones. The question arises what values and points of view can be considered real in the modern world. Given the relevance of these issues, a small research paper concludes that fantasy has an emotional and cognitive impact on readers, helping them to shape their perception of themselves, others and their social world based on a questionnaire conducted to identify the influence of works written in the fantasy genre, for children and teenagers.

As a practical value of the research work, we note the possibility of adoption in the development of curricula for secondary schools, taking into account its conclusions and discussions, and can be used as additional material in lectures related to modern literature taught in higher educational institutions.

Keywords: fantasy genre, children's literature, magic, fictional world, science fiction, children and teenagers, psychology, British fantasy

Статья поступила 15.06.2023